



ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 3 / 2015
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



**Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА**

ISSN 1608-2206

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА



Меншік иесі Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті ШЖҚ РМК
Собственник РГП на ПХВ Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Бас редакторы - Главный редактор
Абжаппаров А.А., д-р тех. наук, профессор

Бас редактордың орынбасары - Зам.главного редактора
Анищенко О.А., д-р филол. наук, доцент

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д.	д-р филол. наук;
Шаймерденова Н.Ж.	д-р филол. наук;
Баяндина С.Ж.	д-р филол. наук;
Юрина Е.А.	д-р филол. наук;
Приёмышева М.Н.	д-р филол. наук;
Журавлёва Е.А.	д-р филол. наук;
Джусупов М.Д.	д-р филол. наук;
Дмитрюк Н.В.	д-р филол. наук;
Жахина Б.Б.	д-р педагог. наук;
Шапауов А.К.	канд. филол. наук;
Исмагулова А.Е.	канд. филол. наук;
Жуманбекова Н.З.	канд. филол. наук;
Фаткиева Г.Т.	ответственный секретарь.

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76.
тел./факс: 25-55-83; редакция: 40-23-47;
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN 1608-2206

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

№ 3 / 2015

серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редактор
Технический редактор
Мансуров К.Ж.

2008 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Басуға 29.09.2015 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/12.
Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 21,8 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 140.

Подписано в печать 29.09.15 г.
Формат 60x84 1/12.
Бумага книжно-журнальная.
Объем 21,8 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 140.

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии
КГУ им. Ш. Уалиханова

©Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.

ТІЛБІЛІМНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Агманова А.Е., Акынова Д.Б., Асмагамбетова Б.М. Роль русского и английского языков в процессе языковой и социокультурной адаптации репатриантов-казахов	6
Агманова А.Е., Журавлева Е.А., Ташимханова Д.С. К проблеме сохранения и развития родных языков в Казахстане (на примере татарского языка)	12
Алдашева К.С. Норма, қалыптану және олардың верификациясы	20
Алтаева А.К. Бағалауға негізделген модальділік семантикасы	30
Амренова Р.С. Адам ұғымының концептуалдануы	34
Анищенко О.А. Отражение проблем межкультурной коммуникации в рассказе В.Г. Короленко «Без языка»	41
Abdiman Z. Inaugural address as a genre of Kazakhstani political discourse	46
Байманова Л.С. Славянская топонимика в немецких источниках	50
Букаева А.А., Мағзумова А.Т. Орыс тілінде баламасы жоқ ым-ишараттар	55
Елеуова А.С. Синтаксистік жақ категориясындағы белгілі жақты сөйлемдердің сипаты	59
Жукенова С.К., Букаева А.А. Еуропада (Германия, Польша) тұратын қазақтар тіліндегі тілдік ерекшеліктер	65
Жұмағұлова Ө.А. Тұрмыстық лексиканың метафоралық сипаты (ыдыс-аяқ атауларының негізінде)	70
Журавлева Е.А., Акпентаева А.А. Национальные стереотипы: сохранение и развитие в современном казахстанском обществе	79
Исмағұлова Б.Х., Қанабекова М.Қ., Базарбаева А.С., Саметова Ф.Т. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ лексикасы: жаңа қажеттілік, жаңа серпін	85
Ихсанғалиева Г.Қ., Нұржанова Ж.С. Әлемдік жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері	89
Қадырова Б.М., Қанапьянов Қ.Н., Ербол А. Қазіргі тіл біліміндегі статистикалық әдістің қалыптасуы	92
Мукашева А.О. О языковом и метаязыковом сознании в психолингвистическом аспекте	98
Мусабекова У.Е. Вторичная языковая личность в международном диалоге	102
Мусин Л.Қ. Көкше өңірі фольклорының ономастикалық ареалдары	107
Тимофеева О.Н. Влияние транскции на развитие лексико-семантических отношений в русском языке	115
Тойбаева Ж., Туякбаева А.Ш. Казахский язык и «картина мира» восточных народов	120
Чукенаева Г.Т. Филологиялық білім берудің өзекті мәселелері: лингвоэкологиялық аспект .	125

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Ананьева С.В., Карлюкевич А.Н. Казахско-белорусские литературные связи на современном этапе	133
Мезенцева Е.С., Сапарбаева К.Ж. Пословичный фонд как отражение архетипов языкового сознания этноса	142
Сағидолда Г. Түркі тілдерін тарихи тұрғыдан зерттеудің методологиялық негізі	148

Рефлексия негізінде тұлғаның мәдениетаралық қарым-қатынас құзыретілігі қабілетін дамыту өз мәдениеті мен тілін тереңдетіп біле отырып, өзге мәдениеттің құндылықтарын түсінуіне бағдар беруде оң нәтижелер береді.

Оқытушы тіл оқытуда әр елдің өкілдерімен жұмыс істеуге тура келетіндіктен, әлемнің әр қиыры өкілдерінің өмір сүру салты мен ойлау ерекшеліктерін білу аса қажет екендігін ескерген жөн.

Әдебиеттер тізімі

1 Мартин А. Основы общей лингвистики. /В кн.: Новое в лингвистике. – Вып. 3. –М., 1963.

В основу формирования способности к межкультурной коммуникации положены следующие принципы и подходы: осознание обучаемыми собственной национальной культуры и родного языка, стимулирование познания родной страны, развитие представлений родной культуры на иностранном языке в иноязычной среде, в условиях межкультурного общения; опора на фоновые знания, социокультурный фон, в контексте которого функционирует изучаемый иностранный язык, так как для адекватной межкультурной коммуникации с носителями языка необходимы фоновые знания, играющие определённую роль при использовании языка и тем самым влияющие на иноязычную коммуникативную компетенцию обучаемых.

There are considered the principles and approaches which are been the basis for formation of ability to cross-cultural communication: development of representation of native culture in the foreign language in the different environment, in the conditions of cross-cultural communication; support on background knowledge, socio-cultural background in the context of which the learned foreign language as the background knowledge playing a part when using language and by that influencing foreign-language communication competence of trainees is necessary for adequate cross-cultural communication with native speakers functions

УДК 811.512.1 22

Б.М.Қадырова, Қ.Н.Қанапьянов, А.Ербол
С.Торайғыров атындағы ПМУ
Павлодар, Қазақстан
masalim70@mail.ru

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақалада тіл біліміндегі статистикалық әдістің зерттелуі мен стильдік ерекшелігі қарастырылған. Лингвистика мен математиканың байланысынан «математикалық лингвистика» атты жаңа пәннің өмірге келуі, статистикалық лингвистиканың қазақ тіл білімінің жаңа саласы ретінде қалыптасуы сөз болады.

Кілт сөздер: лингвистика, статистика, әдіс.

Статистикалық әдісті тіл саласында қолдануды ең алғаш ұсынған орыстың белгілі математик-ғалымы В.Я.Буняковский (1804-1889). Содан кейін тілді зерттеуде сандық деректерге жүгінудің қажеттілігін И.А. Бодуэн де Куртенэ, А.М. Пешковский, М.Н. Петерсон, Е.Д. Поливанов, В.В. Виноградов және т.б. ғалымдар атап көрсеткен. В.В. Виноградов тілдің кітаби, сөйлеу түрлерінде және көркем әдебиет стилінің әр

жанрларында сөздердің қолдану жиілігінің біркелкі еместігін айта келе, оларды анықтау үшін арнайы зерттеудің қажеттігін көрсеткен. Ғалымның тұжырымдауынша, мұндай зерттеулер түрлі стильдердің семантикалық, құрылымдық-грамматикалық, айырмашылықтарын белгілеуге, сондай-ақ грамматиканың барлық категорияларына статистикалық талдау жүргізілген әр әдеби стильдің қатынастық-функционалдық салмағын айқындауға мүмкіндік туғызады.

Ф.П. Филин өзінің бір еңбегінде: «Ғылымның бір-ақ мақсаты болады, ол – әлі ашылмаған шындықты ашу немесе соның ашылуына ықпал жасау, сол арқылы қоғамға қызмет ету. Алға қойған мұндай мақсатқа әр түрлі жолмен жетуге болады. Соның ішінде зерттеудің дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз ететін тәсіл ғана ең дұрысы болмақ. Дәлдік пен объективтілікке ұмтылу қазіргі ғылымның туы. Бұл тіл біліміне де қатысты» – деп жазады.

Лингвистика мен математика салаларын байланыстыра зерттеу барысында – «математикалық лингвистика» атты жаңа пән өмірге келді. XX ғасырдың 50-60 жылдары қалыптасқан бұл пән тіл білімінің барлық ішкі дамуының өзінен де сезіле бастаған қажеттілігінен туындаған болатын. Атап айтқанда, бұл қажеттілік тілдің лексика-грамматикалық, фонетикалық құрылымына көңіл аударудан, тілдік жүйе ретінде қарастырудан және оның жеке-жеке микрожүйелерден тұру күрделілігін жете түсінуден, лингвистикалық нысандар мен олардың атрибуттары аралығындағы қатынастарды танып-білуден байқалып, математикалық лингвистика пәнінің дамуына объективті жағдай туғызды. Сөйтіп құрылымдық лингвистика мен математикалық лингвистика пәндері қазіргі қазақ теориялық тіл білімінің дамуына ең көп әсер етуде. Бұндай әсер қазіргі қазақ тіл білімінің синтаксис және семантика салаларында айтарлықтай көрініс тапты.

Статистикалық лингвистика қазақ тіл білімінің жаңа саласы ретінде қалыптасқандықтан, оның проблемалық мәселелері күн санап анықтала бастады. Солардың бірі қазақ мәтінінің әр әріпке (дыбысқа) шаққандағы ақпараттық өлшемін, яғни энтропияны анықтау болды. Осы орайда белгілі ғалым Қ.Б. Бектаев пен оның шәкірті Д.А. Байтанаеваның қазақ мәтініне қатысты тәжірибелік мәліметтер негізінде жүргізілген ақпараттық-статистикалық ғылыми ізденісінің (1973) орны ерекше. Сондай-ақ көркем әдебиет, публицистика, ғылыми-техникалық мәтіндер мен 2 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1959, 1961) материалдары бойынша Қ.Б. Бектаев ЭЕМ арқылы жасаған қазақ тілі буындарының жиілік сөздігі (1973) буынның ішкі құрылымына және сөздің буындық құрылымына ықтималды-статистикалық әдісті қолданған зерттеулердің көрнектісі деп айта аламыз. «Тіл статистикасы және автоматтандыру» ғылыми тобының зерттеу нысанына негізінен статистикалық құрал ретінде электронды-есептеу машиналары (ЭЕМ) көмегімен жасалатын әліпби-жиілік сөздік, жиілік сөздік және кері әліпби жиілік сөздіктер материалдары алынды. 1978 жылы отандық түркітану ғылымы үшін ортағасырлық жазба ескерткіші «Кодекс Куманикус» мәтіні тұңғыш рет ЭЕМ жадына енгізіліп, ол бойынша автоматты түрде «Куманша-қазақша жиілік сөздігінің» алынуы қазақ тіл білімінің тарихы үшін елеулі оқиға деуге болады. Ал 1979 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген М.О. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» атты ұжымдық монография ғылыми топ қызметкерлерінің статистикалық лингвистика саласына қосқан айтулы еңбегінің нәтижесі екендігі даусыз. Бұл еңбекті жасауға филол.ғ.к., жетекші ғылыми қызметкер А.Қ. Жұбанов, кіші ғылыми қызметкерлер А.Р. Зекенова, А.Б. Белботаев, К. Алдабергенова қатысты. Қ.Б. Бектаев – бүкіл түркі тілдеріне алғаш рет лингвистикалық статистика әдісін қолданудың ғылыми негізін қалаған ғалым. Оның еңбектері инженерлік лингвистика ғылымы бағытының пайда болуы мен дамуына үлкен үлес қосты [1]. Қазақ ҚСР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына қарасты «Статистикалық-лингвистикалық зерттеу және автоматтандыру» тобын, профессор Р.Г. Пиотровскиймен бірге бүкіл одақтық «Статистика речи» тобын ұйымдастырып, басқарған. Кеңес дәуірінде КСРО Министрлер кеңесінің Ғылым мен техника жөніндегі Мемлекеттік комитетінің машиналық аударма жайында координациялық кеңесінің мүшесі қазақ тілі компьютерлік қорының негізін

қалаушысы болған. Сөздердің жиіліктерін зерттей келе олардың үлестіру заңдылығын анықтаған, бұл заңдылық тіл білімінде «Бектаев эктісі» деп аталып жүр. Ғалымның «Қазақ тілінің кері алфавитті сөздігі» (1972), 2 томдық «Математические методы в языкознании» кітабы (1973- 1974), авторлық бірлестікте Мәскеу қаласында жарық көрген «Математическая лингвистика» (1977) оқулығы, «Статистико-информационная типология тюркского текста» (1978), «М.О. Әуезовтың «Абай жолы» романының жиілік сөздігі (1979), «Орыс -қазақша математикалық сөздік» (1986), «Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика» (1990), «Қысқаша қазақша-орысша сөздік» (1989-1991), «Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі» (1999) еңбектері қазақ тіл білімінің лингвистикалық әдістермен зерттеуге негізделген жаңа саласын дамытуға қосқан ерен үлесін көрсетеді.

М. Балақаев әдеби тіл нормасын сақтау мақсатында баспасөз мәтіндері бойынша қазақ тіліне орыс тіліне енген термин сөздерді санау барысында олардың саны барған сайын көбейіп келе жатқандығы жайлы тұжырым жасаған [2].

Ә. Ахабаев диссертациялық жұмысы қазақ публицистикасының лексикалық - морфологиялық құрылымын зерттеуге арналған. Жартылай өткізгіштерге негізделген, қазіргі заманғы компьютерлермен салыстырғанда мүмкіндігі анағұрлым төмен, үшінші буын ЭЕМ-дерімен «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Оңтүстік Қазақстан», және «Коммунизм туы» газеттерінің 146634 сөз қолданыстан тұратын мәтіндерін өңдеп, сандық сипаттамаларын анықтауы – оның жүргізілген зерттеу жұмыстарының ауқымдылығын көрсетеді. Сонымен бірге, Ә. Ахабаев дублет сөздердің қолдану нормасын анықтауда олардың жиіліктерін статистикалық критерий ретінде алуды ұсынған.

А.Қ. Жұбанов диссертациялық жұмысында мәтіндерді ЭЕМ-ге енгізу жолдарын қарастырып, сын есімдердің және сын есім шырайларының сандық сипаттамаларын анықтаған [3]. А.Қ. Жұбанов – түркі тілдерін зерттеуде ЭЕМ-ді қолдануға алғаш бетбұрыс жасаған қазақ ғалымдарының бірі. Ол Қ.Б. Бектаевпен бірге түркі тілдерін ЭЕМ-ге енгізу және автоматты түрде өңдеу барысында мәтінді индекстеу мен кодтаудың жалпы принциптерін негіздеген.

Д.А. Байтанаева қазақ тіліндегі фонемаларға статистикалық- ақпараттық талдау жүргізген. Зерттеу барысында тілдің түрлі жанрлары үшін талдау нәтижесінің де түрліше болатындығын анықтаған [4].

Х.Арғынов «Қалың мал», «Ботагөз» романдары мен «Ер Тарғын» жырындағы сөйлемдерді санау арқылы қазақ тіліндегі сөйлем түрлерінің қолданылу жиілігін анықтай отырып, қазақ тілінің синтаксис сапасын жазған [5]. Мәтіндерге тыңғылықты статистикалық талдау жүргізудің нәтижесінде автор толып жатқан тың тұжырымдар мен құнды ұсыныстар жасаған. Еңбекте статистика жайлы сөз жоқ. Сонда да Х. Арғыновты қазақ тілінің синтаксисіне статистикалық әдісті алғаш қолданушылардың бірі деуге болады.

А. Хасенова қазақ тіліндегі етістіктердің лексикалық - семантикалық сипатын [6], С. Мырзабеков етістіктің жасалу жолдарын статистикалық әдістермен зерттеген [7]. С. Мырзабеков диссертациясында XX ғасырдың орта тұсындағы қазақ тілін зерттеу сипатына «1935 жылдан 1965 жылға дейінгі аралықта қазақ тілін зерттеушілер нақты сандық деректерге онша бой ұра бермейді, көбіне аз, көп, сирек, жиі, жуық, шамалас, үнемі, үнемсіз тәрізді сөздерді қолдануға бейім, санды қолданса, оның өзі бір цифрдан аспайды» деп баға берген [8,7-8].

А.Б. Белботаев жиілік сөздіктер негізінде қазақ тіліндегі жалғаулардың құрылымдық түрлерін [9]. М.Әуезов шығармаларындағы орыс тілі арқылы енген бөгде тілдердің лексикасын, лингвистикалық терминдер мәселесін зерттеген [9].

А.Р. Зекенова қазақ драматургтері мен М. Әуезов пьесалары тілдерін жиілік сөздіктері арқылы зерттеп, қазақ тілінің стильдік ерекшеліктерін анықтаған [10].

М. Малбаков қазақ лексикографиясының тарихын зерттеу барысында ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысынан 1917 жылға дейінгі кезеңде жарық көрген сөздіктердің фонетикалық, грамматикалық сипаттамаларына талдау жасаған, сөздіктердің құрылымдық- типологиялық ерекшеліктерін анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізген [11]. Ол қазақ тілінен алғашқы

жазба мәліметтердің Ресей императрицасы II Ектеринаның бастамасымен әлем халықтарының тілдері жайлы мәліметтермен бірге 1766-1777 жылдары жинақталғандығын анықтаған. 1777 жылы Өскемен қорғанында генерал Скалонның тапсырмасымен құрастырған орысша-жазбаша сөздікті қазақтың жазба мәдениетінің алғашқы туындыларының біріне жатқызған.

Т.И. Ибрагимов 1971 жылы В.И. Ульянов-Ленин атындағы Қазан университетінде қорғаған «Изучение образования слогов и структуры их сочетаний в татарском литературном языке» атты кандидаттық диссертациясында татар әдеби тіліндегі буындылардың статистикалық сипаттамаларын буындардың түрлі типтерінің ықтимал үлестірілуін зерттеген [12]. Атап айтқанда, татар тіліндегі сөздердің орташа ұзындығы 2,41 буыннан тұратындығын, ашық буындардың қолданылу пайызы 51,8% -ды құрайтындығын, сөздің басында буындардың «дауыссыз- дауысты» типі (40,6%), сөздердің соңында «дауыссыз- дауысты- дауыссыз» типі (52,9%) өзгелерінен көп қолданылатындығын лингвостатистикалық әдістермен анықтаған.

С.А. Ризаев өзбек әдеби тіліндегі қос фонемалы тіркестердің жиілігі мәселесін зерттеген [13]. Өзбек тіліндегі публицистикалық, ғылыми және көркем әдебиет мәтіндері мен қазақ тіліндегі ертегі және ғылыми мәтіндердегі фонемалар жиілігін салыстырған. Жүргізген статистикалық талдаулары жанр ерекшеліктерін сипаттайтын фонемалар тобын құруға мүмкіндік берген.

Т.И. Курбанов өзбек әдеби тіл публицистикалық стилінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және функционалдық ерекшеліктерін зерттеуде сипаттау, салыстыру және лингвостатистикалық әдістерді қолданған [14]. Ол «Публицистический стиль современного узбекского литературного языка» атты диссертациялық жұмысында статистикалық талдау нәтижесі бойынша өзбек тілінің функционалдық стильдерінде сөздердің қолдану жиілігін анықтаған. Публицистикалық стильдің лексикалық құрылымын *идеологиялық және эмоциональдық-экспрессивтік* лексикаларға жіктеу барысында идеологиялық лексиканың негізін қоғамдық-саяси терминдер құрайтындығына көз жеткізген. Мысалы, совет (786), социализм (107), социалистик (544), саясат (328), партия (1039) және т.с.с. сөздердің жиіліктері мейлінше жоғары.

С.У. Мусаходжаев өзбек ғылыми техникалық мәтіндеріне, электротехника және электроника салалары терминологияларына лингвостатистикалық талдау жүргізу барысында мәтіндердегі сөз тұлғаларының, терминдерінің статистикалық және ақпараттық сипаттамаларын қарастырып, «модель», «модельдеу» ұғымдарына нақты анықтама берген. Атап айтқанда, «Под моделью мы будем поминать систему некоторых объектов, структура и поведение которое соответственно воспроизводит структуру и поведение другой системы объектов. Моделируя исследуемый объект (текст, речь) мы заменяем этот объект другим более упрощенным объектом - моделью, чтобы получить детальную информацию об исходном объекте. Моделируемый текст служит аналогом той системы объектов - оригиналом и моделью существует тесная связь, заключающаяся в их сходстве» деп аталатын ұғымдардың ара жігін ашып көрсеткен [15,8]. 1986жылы Өзбек КСР Ғылым академиясының А.С. Пушкин атындағы тіл және әдебиет институтында «Лингвостатистический анализ узбекского научно-технического текста и терминологии подязыка электротехники и электроники» тақырыбындағы кандидаттық диссертация жұмысын профессор Қ.Б.Бектаев пен доцент С.А.Ризаевтардың жетекшілігінде табысты қорғаған.

Статистикалық бақылаулар жүргізу барысында зерттеу мақсатына сай тілдік құбылыстардың бірқатар статистикалық сипаттамаларын толық анықтау қажет етіледі. Айтап айтқанда:

-бүкіл зерттеу барысында өзгермейтіндей есептеу бірлігі тағайындалып, бақылау нәтижесінде алынған статистикалық мәліметтер бойынша вариациялық қатарлар және оларға сәйкес кестелер құрылуы керек;

-эмпирикалық үлестірудің нормаль үлестіруге жақындығы тексерілуі керек;

-тілдік жүйенің өзгерісін зерттеуде өсудің (кемудің) орташа коэффициентін қолдану керек;

-тілдік құбылыстың үлестірілуіне қатысты мәтіндер- біртекті болуы шарт. Бұл жағдайда екі вариациялық қатардың орташа квадраттық мәндері немесе дисперсиялары салыстырылады;

-статистикалық зерттеу барысында алынған шамаларды салыстыруда «Хи-квадрат» критерийін қолдану керек. Мұнда зерттелетін тілдік құбылыстар арасындағы тәуелділікті анықтауда алдымен байланыс түріне, соңынан корреляция коэффициентіне сай формуланы таңдау қажет.

Жалпы алғанда, мәтіндерді лингвостатистикалық әдістермен зерттеуде математика ғылымының «Ықтималдықтар теориясы», «Математикалық статистика» сияқты құрамдас бөлімдерінің жиынтық, статистикалық жиынтық, таңдама, жиынтықтың біртектігі, үлестіру заңы сияқты бірқатар терминдерін қолдануға тура келеді. Енді осы терминдерді толығырақ қарастырайық. Сандық немесе сапалық белгіле (белгілерге) ие. ЛБ-лерді біріктіретін статистикалық жиынтық - *бас жиынтық* делінеді. Бас жиынтықтағы ЛБ-лердің саны шектеулі, я шексіз болуы мүмкін. Егер бас жиынтықтағы ЛБ саны шектен тыс көп болса, онда зерттеу үшін қарастырылатын оның *бөлігін таңдама жиынтық (таңдама)* деп атайды.

Статистикалық зерттеудің нәтижесі бақылауды ұйымдастыруға тәуелді болғандықтан зерттелінетін белгіні, жиынтық бірлігін және бақылауды орындау әдісін алдын ала тағайындау талап етіледі. Статистикалық бақылау бойынша бас жиынтық түгелдей не таңдау әдісімен зерттелінуі мүмкін. Бас жиынтықтың бірліктерін санауға мүмкіндік болғанда, не бас жиынтықтың барлық бірліктерін қамту қажет болған жағдайда *жаппай бақылау әдісі* қолданылады. Әдетте, бас жиынтық үлкен көлемді болып, жаппай тексеруді жүргізуге мүмкіндік болмайтын жағдайлар да кездеседі.

Мұндайда бақылау жүргізу барысында бас жиынтықтың бөлігі, яғни таңдама қарастырылады. Таңдама түрліше тәсілмен құрылады. Бірақ таңдама бойынша алынған зерттеу нәтижелері бас жиынтыққа жалпыланатындығы назарда болуы тиіс [16].

Статистика тәсілімен тілге тән заңдылықтарды анықтау негіздемесі мынада:

- 1) сандық (мөлшерлік) құбылыс тіл табиғатына әуелден-ақ тән болуы;
- 2) тіл құрылымындағы сандық және сапалық сипаттардың өзара байланыста болуы;
- 3) тілдің әр түрлі бірліктері сөйлеу ағымында статистикалық заңдылықтардың ең болмағанда біреуіне бағынуы тиіс деп ұйғару керектігі.

Статистикалық жиынтық бір немесе мәтіннен тұруы мүмкін. Ал зерттелінетін мәтіндегі қандай да бір тілдік құбылыс бірнеше мәтіннен іріктеліп алынатын жағдайлар да кездеседі. Егер де берілген мәтінде қандай да бір тілдік құбылыс бірнеше рет қайталанып кездесетін болса және қарастырылатын мәтіндер жиынтығында да осы тұрақтылық сақталынса, онда мәтін статистикалық тұрғыдан *біртекті* деп ұйғарылады.

Тілдік құбылыстың жиілігіне таңдама көлемі ғана емес, тіл стилінің әртүрлілігі, шығарма жанры, сондай-ақ автордың стилі де ықпал етеді. Сондықтан статистикалық бақылаулар үшін мәтінді таңдау және даярлау аса маңызды іс болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бектаев К.Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. Ленинградское отделение ИЯ АН СССР: автореф. ... па соиск. учен. степени докт. фил. наук. -Ленинград, 1975.
- 2 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 1965.
- 3 Жұбанов А.Х. Статистические исследования казахского текста с применением ЭВМ. На материале романа М. Ауэзова "Абай жолы": автореф. канд. фил. наук. – Алматы, 1973. – 37 с.
- 4 Байтанаева Д.А. Информационные характеристики казахского текста. – Алма-Ата, 1985. – С. 18.

- 5 Арғынов Х. Қазақ тілі программасы мен оқулығын жетілдіру жайында. – Алматы. 1965. – 132 б.
- 6 Хасенова А.Қ. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 226 б.
- 7 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің құрылымына статистика-лингвистикалық талдау (М.О.Әуезовтің "Абай жолы" романы бойынша): филол. ғыл. канд. диссерт.қолжазб. – Алматы, 1973. – 180 б.
- 8 Белботаев А.Б. Қазақ тіліндегі жалғаулар және олардың құрылымдық формалары туралы // Қоғамдық ғылымдар бойынша жас ғалымдардың респ.
- 9 Алдабергенова К.К., Белботаев А. Статистическое исследование морфологической структуры иноязычных слов, вошедших в произведения М.Ауэзова через русский язык // Материалы семинара "Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистика". – Чимкент, 1980. – С. 149-150.
- 11 Зекенова А. М.О. Әуезов пьесаларындағы есім сөздердің морфологиялық құрылысы жайында. //Известия АН КазССР. Сер. филол. 1976. – С.56-62.
- 12 Малбаков М. История казахской лексикографии (II половина XVIII в. -1917 г.): автореф.... канд. филол. наук: 10.02.06. – Алматы, 1992. – 29 с.
- 13 Ибрагимов Т.И. Некоторые статистические данные о слогах татарского языка// Вероятностные методы и кибернетика.: в сб. Учен. зап. Казанского ун-та. – Вып. 4. – Т.25, кн. 6. -Казанский ун-ет, 1966. – С.74-78.
- 14 Ризаев С.А. К вопросу о частотности.двухфонемных сочетаний в современном узбекском литературном языке // Опыт экспериментального и структурного изучения языка. – Ташкент, 1982. – С.45-92.
- 15 Курбанов Т.И. Публицистический стиль современного узбекского литературного языка: автореф. ... канд. филол. наук: 10.02.02. – Ташкент, 1987. – 22 с.
- 16 Мұсаходжаев С.У. Лингвостатистический анализ узбекского научно-технического текста и терминологии подязыка электротехники и электроники:автореф. ... канд. филол. Наук. – Ташкент, 1986. -17 с.

17

В этой статье рассматривается исследование статистического метода языкознания и его стилистическая особенность.

This article focuses on the study of the statistical method of linguistics and stylistic features.